

№2 дәріс. Ғылыми стиль, кәсіби тіл, кәсіби жаргон: ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Ғылыми сөйлеу стилінің түрлері.

Стиль (лат. *stylus*, грек. *stylos* – жазуға арналған таяқша) – қаламгердің жазу мәнері, ой түйінін ашу тәсілі, образдар жүйесінің тұрақты бірлігі. Стильдің жұмыс стилі, газет стилі, ғылым стилі, т.б. түрлері бар. А.Байтұрсынов “Әдебиет танытқыш” еңбегінде стиль туралы “Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен тізеді, әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болады. Ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз дауысынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі қажет” дейді.

Ғылыми стиль – табиғат, адам және қоғам туралы объективті хабар беруді мақсат ететін функционалдық стильдердің бірі. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін ғылыми стильге нақтылық, логикалық, мазмұн дәлелділігі қажет. Ғылыми стильде сөйлемдегі сөздердің қалыпты орны, тіл нормалары қатаң сақталады. Стильдің бұл түрінде көп мағыналы сөздер қолданылмай, сөз бір ғана өзінің лексикалық мағынасында қолданылады. Қандай ғылыми еңбек болмасын, ол жалпы халықтық әдеби тілде жазылуға тиісті, бірақ ғылым саласына қарай тілдік тәсілдердің пайдаланылуы бірдей болмайды.

Ғылыми стильде жазылған шығармадан қазақ әдеби тілінің деңгейін тануға болады. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты ғылыми стильдің сөздік қоры да арту үстінде. Жаңа терминдер алдымен ғылыми стильде көрініс тауып, кейін тіл заңдылықтарына қайшы келмейтіндері етене сіңіп, жалпы халықтық лексикаға айналады. Ғылым тілі лексикасын жалпы қолданыстағы сөздер, жалпы ғылыми сөздер және терминдік қабаттар құрайды. Ғылыми мәтінді құрайтын жалпы қолданыстағы сөздер ауқымы мәтіннің қандай оқушыға, яғни қандай ғылыми ортаға арналғанына қарай өзгеріп, түрленіп отырады. Ғылыми стильдегі мәтіннің мазмұны нақты, беретін дерегі баяндау сипатында емес, дәлелдеу, дәйектеу, пікір білдіру сипатында, айтылған пікірі тұжырымды, дәлелді болады.

Бірақатар тұжырымдар ғылыми стиль мәтіндерін әртүрлі белгілері бойынша жіктеуге мүмкіндік береді. Олар: 1) шығарманың көлемі; 2) мәтіндегі баяндау типтері; 3) мәтіннің кімге арналғандығы (адресат сипаты).

Қазіргі зерттеулерде мәтін көлеміне орай бірнеше түрлері ажыратылады:

- ірі топ (монография, оқулық, лекциялар курсы т.б.)
- орта топ (баяндама, мақала, дәріс т.б.)
- кіші топ (баяндама тезистері, аннотация, резюме, рецензия т.б.).

Ғылыми тілдің ең бір дамыған және еркін жанры – ғылыми мақала. Мақаланың еркіндік сипаты онда қамтылатын материал мазмұнының құрылымынан, мәтіннің логикалық ұйымдасу, коммуникативтік мүшеленуі тәртібінен, тақырыпты тандаудан көрінеді.

Ғалымдар мақаланың мынандай түрін көрсетеді: деректерді ықшам баяндау, ғылыми нәтижелерді кең баяндау, ғылыми-әдістемелік мақала, тарихи-ғылыми мақала, теориялық мақала, пікірталастық мақала, жарнамалық мақалалар.

Стильдің қолданылу аясы: Ғылыми стиль – ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда, ғылыми оқулықтарда қолданылады.

Стильдердің ерекшелігі: Ғылыми стиль: дәлелді, зерттелген, сөзді тура мағынада алу.

Стильдердің тілдік құралдары: Ғылыми стильде – ғылыми терминдер жиі қолданылады. Көбіне хабарлы сөйлем болып келеді. Осы шақ, өткен шақта жиі қолданылады.

Ғылыми стиль – жазба стилінің бір түрі. Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшелік:

1. Сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалды.
2. Сөздің көп мағыналылығы, образды сөздер мұнда аз кездеседі.
3. Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады.

Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі – ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделуінде.

Ғылыми сөйлеу стилінің түрлері.

Ғылыми стиль әдетте үш шағын стильге жіктеледі:

1. Таза ғылыми шағын стиль;
2. Оқу- ғылыми шағын стиль;
3. Ғылыми көпшілік шағын стиль (Көпшілікке арналған ғылыми шағын стиль).

Таза ғылыми шағын стиль белгілі бір ғылым саласындағы зерттеушілер шығармаларының стилі болып табылады, олар сол әріптестеріне арнап жазылады. Қоғамдық – гуманитарлық ғылым саласындағы ғылыми еңбектер көпшілікке түсінікті болып келеді. Сонысына қарамастан, таза ғылыми стильге жатады. Оның басты себебі: ондай зерттеулерде, айталық, әдебиетті жақсы түсінетін мәдениетті оқырманды елең еткізерлік нақтылы теориялық тұжырымдар жасалып отырады.

Қазақ тілінде *оқу-ғылыми шағын стилі* жақсы дамыған. Ғылыми стильдің бұл түрінің негізгі жанрлары — *оқулық, оқу құралдары, оқу мақалалары*.

Оқу-ғылыми шағын стиліндегі шығармалардың басты мақсаты – шәкірттерге нақтылы бір ғылымның негіздерінен білім беру немесе ғылымның жеке саласы бойынша тұрақты түсінік қалыптастыру. Осыған байланысты мектеп оқушыларына арналған оқулықтар ең бастысы «жеңілден – қиынға қарай, қарапайымнан – күрделіге қарай» деген ұстанымға сай келу керек.

Көпшілікке арналған ғылыми шағын стильде жазылған еңбектер алдыңғылардан өзгеше. Олар білім-ғылымның белгілі бір саласындағы мамандарға немесе білім алуға ұмтылған жастарға емес, жалпы қауымға, жасына интеллектуалдық дәрежесіне, ұлттық ерекшелігі мен наным-сеніміне қарамастан, кең аудиторияға арналады. Мақсаты – ғылым саласындағы

жаңалықтар туралы немесе елдің ішкі, сыртқы жағдайы туралы көпшілікті хабардар ету.

Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланыста, өйткені прагматикалық мақсаттары ортақ. Олардың басты бағдарлары оқу процесінің немесе оқу коммуникациясының мақсаты “үйретумен” (оқытумен) байланысты. Бұл жалпы мақсат өз кезегінде көптеген шағын міндеттерді құрайды: ақпаратты жеткізу мен бекіту, игеру, яғни қабылдаушыны оқу процесінің белгілі бір әрекетіне тарту, қабылдауды неғұрлым жеңілдету.

Ғылыми стильдің мазмұндық ерекшеліктері: нақтылық, объективтілік, қисындылық.

Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі – терминдер. Терминдер – ғылым мен техниканың, өнер мен саясаттың белгілі бір саласында қолданылатын нақты бір ұғымның атауын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі.

Ғылыми стильдегі еңбектерге **монография, диссертация, мақала, баяндама, тезистер, реферат, оқулық, ғылыми есеп, патенттер** жатады. Ғылыми стильдің грамматикасының жазылу стилінің екі түрі бар. Бірі – стильдік мәнері толық қалыптасқан, екіншісі – ғылыми стильден ауытқушылығы басым келетін ғылыми шығармалар.

Ғылыми стильдің өзіне тән құрылымдық жүйесі болады: *ғылыми мәтін, олардың құрылысы, авторлық бағалау, ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми мәтіннің сыртқы элементтері, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.* Ғылыми стильде метафоралар кездескенмен, оның бейнелілік, көркемдік қасиеті бәсең болады. Есімді сөйлемдермен қатар етістікті сөйлемдер өте көп кездеседі. Ғылыми стильдің *ауызша және жазбаша* түрлері кездеседі. Ауызша түрінің жазбаша түрден айырмашылығы *оның стилінің еркіндігі деп айтуға болады.*

Ғылыми стиль ерекшелігі:

Ғылыми стильде сөйлемдегі сөздердің қалыпты орны, тіл нормасы қатаң сақталады. Яғни ғылыми стильде сөз көп мағыналы болып келмейді. Тек сөздің белгілі бір анықтамасы арқылы қолданылады. Сонымен қатар ол сөздің мағынасын ашу үшін де ғылыми стиль қолданылады. Қазіргі таңда ғылым даму үстінде. Сол себепті күннен-күнге жаңа ғылыми сөздер пайда болуда. Адамдар осы сөздерді ғылыми стильді қолдана отырып мағынасын жазуда. Сол арқылы жаңа пайда болған сөздер жалпы халықтық лексикаға айналады.

Кәсіби лексика. Кәсіби жаргон.

Кәсіби лексика дегеніміз – жалпыхалыққа түсінікті бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі белгілі бір кәсіппен я шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдардың арасында ғана айтылатын сөздер. Арнайы ұғымдардың ресми ғылыми атауларын білдіретін терминдерге қарағанда, кәсіби сөздер қатаң ғылыми сипаты жоқ жартылай ресми сөздер ретінде қабылданады. Кәсіби сөздер өндіріс құралдарын, шикізатты, алынатын өнімді белгілеу үшін пайдаланылады.

Кәсіби сөздерді үлкен екі салаға бөлуге болады:

Ірі кәсіпке байланысты кәсіби сөздер: мал шарушалығы (түйе атаулары: жампоз, кезөркеш, кердері, күрт, қаратұяқ, аңырайма); астық шарушалығы (сүт бидай, бал бидай, қодыран, жауша, бақал; тары атаулары: байдербіс, алағарын, шая, шаршау тары); балық шарушалығы (балық атаулары ақауыз, таутан, табан, бекіре; ау аттары: морда, тоспай, итеркұл, аламан ау); бау-бақша (қауыншек, оман арық, желке суы, пісте); мақта шарушалығы (қоза (мақта өсімдігі), шит (мақтаның тұқымы), терімші (мақта теруші), балдаң (мақтаның сабағы) , жүгері түрлері: дүмбі, пәшік, сота, т.б. қызылша шаруашылығына байланысты: қылша, түбір, өркен, түбіртек, жом, т.б.тағы басқа салаларға қатысты болады.

Шағын кәсіпке байланысты кәсіби сөздер: ұсталық (тарақ балта – жүзі кедір-бұдыр балта, керме ара – жүзінің ортасында тірегінші бар ара, шербек – үлкен ара, тышуыр – бұрап тесетін құрал, пәрбі – шойын тескіш, аттіс – темір қысатын құрал, ыңғуыр – ағаш оятын құрал; *етікшілік* (созан – ине сияқты құрал, ұштық – созанға өткізілген қысқа жіп, атауыз - шеге суырғыш, пардоз келтек – етіктің тігісін жатқызатын таяқша); *балташылық, өрімшілік, тоқымашылық, зергерлік*, тағы басқа кәсіп түрлеріне байланысты болады.

Кәсіби сөздердің диалектілерден басты айырмашылығы – оның әдеби тілде баламасы болмайды. Сондықтан да кейбір кәсіби сөздер әдеби тілімізді байытып, жалпы халықтық қолданысқа еніп кетеді.

Жаргон

Жаргон дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың басқаларға түсініксіз, құпия мағынада сөйлесуі.

Кәсіби жаргон дегеніміз – белгілі бір іс, кәсіппен, т.б. айналысатын адамдар тобы жиі қолданатын ұғымдар мен терминдердің (әдетте, жалпы қабылданған терминдер өте күрделі және ауызекі сөйлеу тілінде қолданысы қолайсыз болып келеді) қарапайым сөздер (қысқартылған немесе бейнелі) арқылы беру негізінде қалыптасқан тілдік бірліктер жиынтығы болып саналады.

Осы салаға арналған лингвистикалық әдебиеттерде жаргонның мынандай түрлері болатынын кездестіруге болады: *әскери жаргон, журналистік жаргон, компьютерлік сленг, ойын жаргоны, сауда (сетевоу) жаргоны және т.б.*

Жаргон сөздер жастардың көретін, оқитын мәлімет, ақпараттарына байланысты қалыптасады. Әзіл-ысқақтан, пікір қалыптастыратын тұлғалардан үлгі ала отырып заманауи сөздер пайда болады. Мысалы:

- "Хейт" – біреуді ашықтан-ашық ұнатпау, оның қаншалық жаман, нашар екенін ауызша немесе жазбаша хабарлау;
- "Гоу" – ағылшынның "go" деген сөзі, "кеттік" деген мағынада қолданылады;
 - "Sorry" – "кешір" сөзінің ағылшындық нұсқасы;
 - "Инсайд" – ағылшынның inside (ішкі) деген сөзінен шыққан;
 - "Шарить" – бір нәрсені түсінуді білдіреді.
 - "Ботан" – зерделі адам;
 - "Тупаж болу", "блатной" – өзімшіл, өркөкірек;
 - "Косьякқа кіру" – ыңғайсыздыққа тап болу;
 - "Құлаққа лапша ілу" – өтірік соғу;

- *"Маяк тастау"* – қысқаша қоңырау шалу;
- *"Ауру"* – адамға маза бермейтін адам;
- *"Қуғынбай" "Қумаиш"* – артық сөйлеп кеткен, мылжың адам;
- *"Өзіне көп алады"* – артық кетті, шектен шығу;
- *"Типа"* – сол сияқты, тәрізді, секілді;
- *"Грамотно айтып тастады"* – өте орынды пікір білдірді.

